


## «Б» корпусы тестілеуіне қатысу үшін келесі үрдістерден өту қажет



1

Тестілеуге қатысу үшін тестілеу күніне дейін бір күннен кешіктірмей үміткерлерге e-gov арқылы немесе «Азаматтарға арналған үкімет» МК АҚ арқылы өтініш тапсыру қажет.

2

Тіркелу кезінде қажет санатты, тест тапсыру күні мен уақытын белгілеу керек.

3

Сәтті тіркелімнен кейін растаушы қолхат беріледі.

4

Белгіленген күн мен уақытта жеке куәлікпен және қолхатпен тестілеу залына келесіз. Тестілеуден өтіп, дереу түрде тестілеу қорытындысын аласыз.

«Б» корпусы мемлекеттік лауазымдарына кандидаттардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге арналған тестілеу үш бағдарламадан тұрады

**1) бірінші бағдарлама** А-1, А-2, А-3, А-4, В-1, В-2, В-3, В-4, С-1, С-2, С-3, С-О-1, С-О-2, С-Р-1, D-1, D-2, D-3, D-О-1, D-О-2, Е-1, Е-2 санаттарына арналған және келесіні қамтиды: ҚР мемлекеттік тілін білуге арналған тест (20 сұрақ), ұзақтығы 20 минут; ҚР Конституциясын (15 сұрақ), «ҚР Президенті туралы» (15 сұрақ), «ҚР Үкіметі туралы» (15 сұрақ) «ҚР мемлекеттік қызметі туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ) ҚР заңдарын және ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (10 сұрақ) білуге арналған тестер.

Бірінші бағдарлама бойынша тестілеуді өту мәндері **барлық** нормативтік құқықтық актілер бойынша **сұрақтардың жалпы санынан (145 сұрақ) кем дегенде 102 дұрыс жауапты** және **әрбір** нормативтік құқықтық актілер бойынша **кем дегенде 5 дұрыс жауапты** құрайды.

Бірінші бағдарлама бойынша ҚР заңнамаларын білуге арналған тестерді орындау үшін жалпы уақыт **115 минутті** құрайды.

**2) екінші бағдарлама** В-5, С-4, С-5, С-О-3, С-О-4, С-О-5, С-О-6, С-Р-2, С-Р-3, С-Р-4, D-4, D-5, D-О-3, D-О-4, D-О-5, D-О-6, Е-3, Е-Р-1, Е-Р-2, Е-Р-3, Е-Г-1, Е-Г-2 санаттарына арналған және келесіні қамтиды: ҚР мемлекеттік тілін білуге арналған тест (20 сұрақ), ұзақтығы 20 минут; ҚР Конституциясын (15 сұрақ), «ҚР Президенті туралы» (15 сұрақ), «ҚР мемлекеттік қызметі туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) ҚР заңдарын және ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (10 сұрақ) білуге арналған тестер.

Екінші бағдарлама бойынша тестілеуді өту мәндері **барлық** нормативтік құқықтық актілер бойынша **сұрақтардың жалпы санынан (130 сұрақ) кем дегенде 78 дұрыс жауапты** және **әрбір** нормативтік құқықтық актілер бойынша **кем дегенде 5 дұрыс жауапты** құрайды.

Екінші бағдарлама бойынша ҚР заңнамаларын білуге арналған тестерді орындау үшін жалпы уақыт **105 минутті** құрайды.

**3) үшінші бағдарлама** С-Р-5, Е-4, Е-5, Е-Р-4, Е-Р-5, Е-Г-3, Е-Г-4 санаттарына арналған және келесіні қамтиды: ҚР мемлекеттік тілін білуге арналған тест (20 сұрақ), ұзақтығы 20 минут; ҚР Конституциясын (15 сұрақ), «ҚР мемлекеттік қызметі туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (15 сұрақ), «ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ) ҚР заңдарын және ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (10 сұрақ) білуге арналған тестер.

Үшінші бағдарлама бойынша тестілеуді өту мәндері **барлық** нормативтік құқықтық актілер бойынша **сұрақтардың жалпы санынан (100 сұрақ) кем дегенде 50 дұрыс жауапты** және **әрбір** нормативтік құқықтық актілер бойынша **кем дегенде 5 дұрыс жауапты** құрайды.

Үшінші бағдарлама бойынша ҚР заңнамаларын білуге арналған тестерді орындау үшін жалпы уақыт **85 минутті** құрайды.